



Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасында Жаратушының жырлануы

*Б. Нұрман^а, С. Екер^б

^аАнкара Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com). *Байланыс үшін автор: bekarysnuriman@gmail.com

^бБашкент университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: ekers@baskent.edu.tr)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

«Құтадғу білік»,
Жүсіп Баласағұн,
әдеби үдеріс, дін,
Жаратушы, діни
таным.

XҒТАР 17.82.94

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-63-77>

Түркі халықтарының ислам дінін қабылдауы Қарахандар дәуірінің әдеби ескерткіштеріне кеңінен көрініс тапты. Исламның кейбір құндылығын айшықтайтын сондай ескерткіштердің бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі». Сол дәуірде әдебиетке арқау болған дін тақырыбы, оның әдеби үдеріспен байланысы түркі халықтарының әдебиеттану ғылымында өзекті әрі маңызды екенін Р.Р.Арат, С.М.Арсал, И.Кафесоглу, А.Инан, А.Ділашар, А.Б.Ержиласун, Р.Данкофф, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, А.Егеубаев, С.Екер, Х.Касапоглу, Г.Құрманғалиева, Г.Канашаева және т.б. ғалымдардың зерттеулері дәлелдейді. Бұл мақалада Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы Жаратушы Тәңір бейнесі қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде ескерткіштің Ферғана нұсқасының факсимилесі мен оның Р.Р.Арат дайындаған транскрипциясы қолданылады. Зерттеу барысында 33 бәйіт қарастырылса, оның он төрті үлгі ретінде беріледі. Діни сөздердің мағынасы жан-жақты ашылып, Құран мәтінімен салыстырылады. Мақалада діни терминдердің қолданылу жиілігін анықтау үшін сандық талдау әдісі қолданылады. Талдау қорытындысында Ж.Баласағұн араб немесе парсы сөздерінің орнына көне түркі діни терминдерінің баламасын қолдануды жөн көреді деген тұжырымға келеді. Қол жеткізген нәтижелер Ж.Баласағұнның діни танымының тереңдігі мен ақындық шеберлігін танытады.

Received 08 November 2022. Revised 10 November 2022. Accepted 20 November 2022. Available online 30 December 2022.

For citation:

B. Nuriman, S. Eker The glorification of the Creator in Yusuf Balasagun's "Kutadgu bilig" // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – №4. – P. 63-77. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-63-77>



Дәйексөз үшін:

Б. Нұрман, С. Екер Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасында Жаратушының жырлануы // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №4. – 63-77 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-63-77>

Кіріспе

Қарахан дәуірі тұсында ислам дінін қабылдаған ежелгі түркі халықтарының әдеби туындыларында дін тақырыбы кеңінен жырлана бастады. Солардың бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты шығармасы. Автор өзінің діни көзқарасын, Жаратушы туралы танымын әдеби-көркем туынды арқылы жеткізеді. Ол бір жағынан автордың ғана емес, сол дәуірдегі халықтың да діни танымынан хабар берері сөзсіз. Әрі Қарахан халқына енді таныс бола бастаған жаңа тақырыпты автордың әдебиетке арқау етуі мен жеткізу тәсілі сол дәуірдегі әдеби үдерісті бағамдау үшін де маңызды. Орта ғасыр әдебиетіндегі мәселелер қолжазба мәтіні мен транскрипциясын қатар бере отырып, жаңаша пайымдауды қажет етеді. Сондықтан, бұл мақалада Жүсіп шайырдың діни көзқарасы мен оны жырлаудағы шеберлігі сараланады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты шығармасының «Тәңрі әззе уә желле өгдісі айор» яғни, «Әзіз уа ұлы Тәңірдің құдіреттілігі айтылады» деген 1-бабы таңдалды. Себебі онда автордың Жаратушы туралы көзқарасы анық беріледі. Бұл бөлімдегі 33 бәйіттен тұратын мәтін саралана келе, 14 бәйіт мысалға келтірілді. Зерттеу барысында аталмыш еңбектің Ферғана нұсқасының факсимилесі мен Р.Р.Арат жасаған транскрипциясы қолданылды. Себебі, орта ғасырдағы діни терминдердің мағынасын қарастыруда түпнұсқа мәтіннің маңызы зор.

Тақырыпты ашу үшін бірінші кезекте онда кездесетін діни терминдер мен олардың мағынасы талданды. Сандық зерттеу әдісі арқылы діни терминдердің қолдану жиілігі көрсетілді. Екінші кезекте, автордың бәйіттердегі діни көзқарасы танымдық тұрғыда сараланып, ол Құран аяттарымен салыстырылды. Соның нәтижесінде Қарахан дәуірінде қолданылған діни терминдер мен Жүсіптің діни көзқарасы және оны жеткізудегі шеберлігі бағамдалды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Аталмыш тақырып бұған дейін Р.Р. Арат (Arat, 1979), С.М. Арсал (Arsal, 1947), И. Кафесоғлу (Kafesoğlu, 1983), А. Инан (İnan, 1998), А. Ділашар (Dilaşar, 1988), А.Б. Ержиласун (Ercilasun), Р. Данкофф (Dankoff, 1983), С. Екер (Eker, 2006), Х. Касапоғлу (Kasapoğlu, 2016) сынды ғалымдар тарапынан кеңінен қарастырылды. Бұл мәселені осы мақала авторларының бірі - С. Екер де бұрын зерделеп көрген. Ол өз зерттеуінде «Құтадғу біліктің» «Тәңрі әззе уә желле өгдісі айор» деген бірінші бөліміндегі діни мәтінді жан-жақты талдап көрсетеді (Eker, 2006: 103-122). Қазақ ғалымдарынан Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев, Г. Құрманғалиева және т.б. еңбегінде тікелей болмаса да, жанама түрде айтылады. Ал Г. Канашаева зерттеуінде Қарахан дәуіріне тиесілі «Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат түрк» және «Хибатул һақайық» атты үш ескерткіштегі діни терминдер тілдік тұрғыда зерделенеді (Канашева, 2020: 46-53).

Талдау

Шығармадағы мәтін мен ұғымдар автордың сөздік қоры мен дүниетанымынан хабар берері сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, орта ғасыр шайыры Жүсіп Баласағұн өзінің діни көзқарасын «Құтадғу білік» еңбегінде анық байқатады. Мұны бір жағынан автордың ғана емес, сол дәуірдегі Қарахан мемлекеті халқының діни дүниетанымы ретінде де түсінуге болады. Сондықтан діни сарындағы бәйіттердің мәнін зерделегенде діни терминдердің де мағынасы мен қолданылуын қатар қарастыру маңызды.

«Құтадғу білік» – көне түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейін жазылған шығарма. Десе де, онда діни терминдердің, әсіресе Жаратушы, пайғамбар, сахаба сынды негізгі сөздердің арабша не парсышасынан гөрі көне түркіше нұсқалары көбірек кездеседі. Ислам дінінде Алланың 99 есім-сипаты бар делінсе, Жүсіп олардың көне түркіше баламасына мән береді. Мысалы, Р.Р.Арат жасаған жиілік сөздік бойынша, Байат 285, Иді 106, Тәңір 48, Еркліг 17, Төрүтген 12, Уған 9, Кечүрген 6, Игидген 6, Мәнү 5 және Мұңсыз 5 рет қолданылады. Мұнан бөлек Алланың жалғыз екенін білдіру үшін «Бір» сөзі жұмсалады. Ал, арабша *Иләһ* сөзі 6, Раббы сөзі 16 жерде кездеседі. Пайғамбар орнына көне түркіше *Иалауач* 38, Савчы 19 мәрте, арабша *расул* сөзі бір рет беріледі. Сонымен қатар, сахаба терминінің орнына «төрт еш», яғни «төрт дос» сөзі жұмсалады. «Құтадғу білік» тіліндегі діни терминдер туралы түрік ғалымы А.Ділашар былай деп пікір айтады:

«Исламның Аллаһ термині «Құтадғу білікте» бисмиллаһ формасынан бөлек еш жерде кездеспейді. Оның орнына Тәңір, Уған, Иді, Байат терминдері, ал арабша Раббы сөзі аз да болса қолданылады. Пайғамбарға ескі түрікше *Иалауач*, төрт сахабаға да ескі түрікше *төрт дос* деген» (Dilaşar, 1988: 152).

Түрік ғалымы Әбдулқадир Инанның пікірі де мұны қуаттайды. Ол: «Назар аударарлық нәрсе, мұсылман бола тұра 6645 бәйіттен тұратын еңбегінде Аллаһ сөзін еш жерде қолданбаған, бірыңғай түрікше *Тәңір*, *Иді*, *Байат*, *Уған* және арасында арабша *Раббы* сөздерін қолданған. Пайғамбар және *Расул* сөздерін де қолданбаған, олардың орнына түрікше баламасы *Иалауач* және *Савчы* қолданылған» (İnan, 1998: 42) дейді. Жүсіптің тілдік қолданысындағы діни терминдер көптеген ғалымның назарын еріксіз аударған. Ғалым С.Екер зерттеу барысында: «Зерттеу нысанына алынып отырған 33 бәйіттік мәтінде жалпы саны 358 сөз болса, соның 12-сі ғана арабша, яғни 3,35%-ы. Бұл, таухид пен мінәжат сынды діни ұғымның кеңінен жырланған бөлімі үшін шынымен, өте аз», - (Eker, 2006: 106) деген мәлімет келтіреді.

Нәтижелер

Діни термин мәселесінде Жүсіптің өзіндік ұстанымы болғаны аңғарылады. Арабша мен парсышаға қарағанда көне түркіше діни терминдерді көбірек қолданса да, шайырдың діни көзқарасы Құран аяттары және хадис-шәріптермен үндесіп жатады. Мысалы, ол шығармасын «бисмиллаһир раһманир раһим» деп бастайды. Құранда барлық сүренің солай басталатыны белгілі. Осы тұста Қарахан дәуірінде Құранның бірнеше аудармасы дайындалғанын айта кеткен жөн. Солардың бірі Манчестер қаласындағы Жон Райландс

кітапханасында сақтаулы екені көрсетіледі (Моллақанағатұлы, 2020: 178). Демек, ол дәуірде діни терминдер мен діни ұғымдардың біршама орныққаны байқалады. Сондықтан да Жүсіп туындысының алғашқы үш бабында Алланы дәріптеп, пайғамбар мен төрт сахабаны жырға қосады. Сонымен қатар, көркем шығармадағы негізгі төрт кейіпкердің бірі – Одғұрмышты діни сипаттағы персонаж ретінде таңдап алады.


«Құтадғу біліктегі» 1-баптың тақырыбы «Тәңрі әззе уә жәлле өгдісі айор» яғни, «Әзіз және құдіретті Тәңріге мақтау айтылады» деп келеді. Мұндағы, Тәңрі сөзі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде көптеп кездеседі. Түрколог ғалым Қ.Сартқожаұлы көне түркі жазба ескерткішіндегі «Teŋri teg» сөзіне тоқталады. Мұндағы «Teŋri» – Жаратушының аты, «teg» – тек қана, бір ғана екенін айта келе: ««Тәңір бір. Ол көзге көрінбейді» деген мағына беріп үлгерген. Бұл арада мұсылман дінінің «Алла бір. Ол көзге көрінбейді» деген (Аллаһу ахад) мағынасымен бірдей ұғым беріп тұр» (Сартқожаұлы, 2019: 14) деп түсініктеме береді. Демек, Жүсіп осы бапта Тәңірді қалай танығанын өлең арқылы жеткізеді. Мысалы, бірінші бәйітте былай дейді:

bayat atı birle sözüg başladım
törütgen igidgen keçürgen idim (Arat, 1979a: 17).

Мұндағы әр сөздің мағынасын мәтіндік тұрғыда жеке-жеке талдап, бәйіттің мазмұнын толық қарастыру маңызды. Мысалы, bayat сөзі Қашқари сөздігінде: «Ұлы тәңірдің аты» (Қашқари, 2017a: 209) деп кездеседі. Жаратушының ежелгі, ескі деген сипаты, арабшадағы «Қадиим» сөзінің ұғымын береді. Ғалым Х.Касапоғлу: «Байат – сөз ретінде Алланың «Қадим» сипатының мағынасын берумен қатар, «Құтадғу білікте» Бисмилланың және мәтіннің көбінде Алла атауының орнына қолданылған», - (Kasarоğlu, 2016: 9) деп түсіндіреді. Atı birle sözüg başladım – атымен сөз бастадым деген мағынаны береді. Törütgen – Алланың бір аты, «Жаратқан», арабшадағы Хоолиқ сөзімен сәйкес келеді. Igidgen – «Ризық-несібе берген» деген ұғымды білдіретін Алланың бір аты. Ол Майлықожа ақынның: «Алпыс екі тамырын, Әуелден Құдай идірген», – деген өлең жолдарында кездеседі. Сонымен қатар, «Нар идірген» атты қазақ күйі бар. Аруана ботасын көргенде немесе ботасы емгенде ииді. Ал, оны идірген, сол арқылы ризық берген Алла деген мағынаға келеді. Бәйіт соңындағы idim сөзі де «Ием» деген ұғымды беретін Алланың бір аты. Қашқари сөздігінде оған: «idi – Ие, Тәңіріміздің жарлығы» делінеді (Қашқари, 2017b: 122) дейді. Ие сөзі араб тіліндегі Раббы ұғымымен бірдей. Сонда алғашқы бәйітті «Ежелден бар Алланың атымен сөз бастадым. Жаратқан, Ризық берген, Кешірген Ием» деген мағына шығады.

Жүсіптің алғашқы бәйітті бұлай бастауының сыры ежелгі түріктердің діни танымы мен наным-сенімінде жатыр. Жаратушының атын арабша «Алла» не парсыша «Құдай» емес, көне түркі тілінде Байат деп қолданылуы – ескі түрік халықтарының исламға дейін де Жаратушы тарапынан жіберілген ақиқат дін, бірқұдайшылық сенімнен хабардар екенін көрсетеді. Ол «ежелден бар» деген ұғымды беретінін ескерсек, бұл түркі халықтарының бұрыннан «тек тәңірлік» дінде болғанын онан әрі дәлелдей түседі. Сол себепті, Жүсіп Хас Хажып «Құтадғу білікті» ежелден бар Тәңірдің атымен бастайды, яғни жаңадан пайда болған емес, оған дейін сыйынып жүрген Тәңіріміз дегенді меңзейді. Бәйіттің жалғасында әуелі Алланың жаратқанын, сосын ризық-несібе бергенін және пенделікпен біліп-білмей жасаған күнәларын кешіретінін еске алып, Ием деп жалбарынады. Осы мәтіннен түркі болмыс пен ислам дінінің біте қайнасқанын

аңғаруға болады. Сондықтан әр бәйітте ескі түріктердің наным-сенімі мен Тәңір туралы түсінігі айқын көрініс тапқан. Екінші бәйітте былай дейді.



2-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).


öküş ögdi birle tümen miñ sena

uğan bir bayatқа аңар yok fena (Arat, 1979a: 17).

Мұндағы, öküş – көп; ögdi – алғыс, мадақ; birle – менен; tümen miñ – мың, өте көп деген мағынаны береді; sena – мақтау, шүкір деген ұғымды беретін араб сөзі. uğan – Алланың бір аты, бәріне күші жетуші, Құдіретті деген ұғымды береді (Arat, 1979b: 489), арабшасы Қадир. bir bayatқа – бір Аллаға, аңар – оған, yok – жоқ, fena – жоқ болу. Бұл бәйітті былайша қазақшалауға болады:

Сансыз көп мадақ пен мың шүкір Құдіретті бір Аллаға (тән). Оған өлу, жоқ болу жоқ (тән емес).

Жоғарыда айтқандай жаратып, ризық берген, күнәларын кешірген Аллаға бұл бәйітте мақтау-мадақ айтып, шүкіршілік білдіреді. Кейбір тіршілік иелері секілді өлу немесе жоқ болу бәріне күші жетуші құдіретті Аллаға тән емес дейді. Бұл бәйіт Құранның Фұрқан сүресіндегі: «Сондай еш өлмейтін тірі Аллаға тәуекел ет. Оны дәріптей мақта» (Құран, 1991: 365) деген 58-аятымен астасып жатыр. Үшінші бәйітте дүниедегінің барлығын жаратқан жалғыз Алла екенін айтады.



3-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).

yağız yir yaşıl kök kün ay birle tün


törütü halayıқ öd ödleк bu kün (Arat, 1979a: 17).

Мұндағы, yağız – қоңыр, баран, yir – жер, yaşıl – көк, kök – көк жүзі, аспан, kün – күн, ay birle – ай мен және tün – түн. Келесі қатардағы törütü – жаратты, halayıқ араб тіліндегі халайық, жаратылғандар деген ұғымды береді. öd – уақыт, ödleк – заман, bu kün – бұл күн. Бұл бәйітті қазақша мағынасы төмендегідей:

Қара жер, көк аспан, күн, ай мен түн.

Жаратты халайық (жаратылғандарды), уақыт, заман, бүгінді.

Жаратылған нәрселерді жұп-жұбымен және тізбектеп баяндауында үлкен мән жатыр. Өйткені, бұл ой Құранның Ағраф сүресі 54-аятында кездеседі. Мысалы, онда: «Күдіксіз Раббыларың сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Сонан кейін ғаршыны меңгерген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Сақ болыңдар! Жарату және бұйрық беру Оған тән. Өте жоғары Алла, бүкіл әлемнің Раббы» (Құран, 1991: 157) делінеді. Автор Құранда айтылған Алланың сипатын көне түркі тіліндегі халықтың ұғымына таныс сөздермен түсіндіреді. Мұндай тәсіл келесі бәйітте де көрініс тапқан.



4-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).


tiledi törütti bu bolmış қамуғ

bir ök bol tidi boldı қолmış қамуғ (Arat, 1979a: 17).

Мұндағы, tiledi – қалады, törütti – жаратты, bu – бұл, bolmış – болды, қамуғ – барша, барлығы. bir ök bol tidi – бір мәрте бол деді, boldı қолmış – қалағаны болды, қамуғ – барша, барлық. Мұны қазақшаға төмендегідей аударуға болады.

Қалады, жаратты мына бүкіл жаратылысты. Бір мәрте «бол» деді, қалағанының бәрі болды.

Бәйітте дүниедегі нәрселердің барлығы бір Алланың қалауымен және бұйрығымен жаратылатыны айтылады. Сондай-ақ, бір мәрте «бол» деген әмірімен қалауының бәрі орындалатынын тілге тиек етеді. Бұл Құранның Бақара сүресі 117-аятынан алған әсері екені байқалады. Өйткені, онда: «Ол көктер мен жерді жоқтан бар етуші. Егер бір істің болуын қаласа, сонда тек қана оған «Бол» дейді. Ол бола қалады» (Құран, 1991: 18) делінген.



5-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).


қамуғ барға муңлуғ törütülmişі

муңу yoқ idi bir аңар yoқ іші (Arat, 1979a: 17).

Бәйіттегі, қамуғ – барлық, барға – барша, муңлуғ – мұңлық, мұқтаж, törütülmişі – жаратылған. муңу yoқ – мұңы жоқ, idi – Ие, bir – Бір, аңар – оның, yoқ іші – жұбайы жоқ. Мұны қазақша былай тәржімалауға болады:

Барлық, барша жаратылғандары мұңлық, мұқтаж. Мұңы жоқ Ие. Бір, оның жұбайы жоқ.

Мұнда, Жүсіп Алланы қалай танитынын анық байқатады. Алланың жалғыз екенін «Бір» деп береді. Оның ойынша, Құранның «Ықылас» сүресінде айтылғандай: «Айт: Ол Алла біреу-ақ. Алла мұңсыз (Әр нәрсе Оған мұқтаж)» (Құран, 1991: 604). Жүсіптің жырлап отырғаны да, Алладан басқаның мұңы бар, мұқтаж пенде екенін мойындауы. Сондай-ақ, еш нәрсеге мұқтаж болмаған Алланың жұбайы жоқ екенін де тілге тиек етеді.



6-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).

ay erklig uған meңü muңsuz bayat


yaramaz senin din adınқа bu at (Arat, 1979a: 17).

Мұндағы, ay – әй, қаратпа сөз. erklig – құдіретті, күшті, meңü – мәңгі, muңsuz – мұңсыз. uған мен bayat жоғарыда айтылды. Келесі қатарда, yaramaz – жараспас, senin din – сенен, adınқа – басқаға және bu at – бұл ат. Бәйітті былайша қазақшалауға болады:

Әй, құдіретті, бәріне күші жетуші, мәңгі, мұңсыз және ежелден бар Алла. Сенен басқаға бұл ат жараспас.

Бұл бәйітте Алланың бірнеше сипатын көне түркі тілінде береді. Бәріне күші жетуші, Құдіретті, Мәңгі, Мұңсыз, ежелден бар Алла деп ұлықтап, жырға қосады. Сондай-ақ, бұл

сипаттар одан басқаға лайық емес деп дәріптейді. Мағынасы осы бәйітпен төркіндес, Зәрият сүресінің 58-аятында: «Шүбәсіз Ол Алла, ризықтандырушы және мықты күшке ие» (Құран, 1991: 523) деген мәтін кездеседі.



7-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).


uluğluq saña ol bedüklük saña

seniñdin adın yoқ saña tuş teңe (Arat, 1979a: 17).

Алғашқы қатардағы, uluğluq – ұлылық; saña – саған; ol – ол; bedüklük – биіктік, ұлылық; saña – саған. Екінші жолындағы, seniñdin – сенен; adın yoқ – басқа жоқ; saña – саған; tuş teңe – ұқсас, тең. Бұл бәйітте былайша қазақшалауға болады.

Ұлылық – саған, ол – биіктік – саған (тән). Сенен басқаға жоқ, саған ұқсас, тең келетін.

Алланы дәріптей отырып, оның құдіретіне, күшіне тең келетін немесе ұқсас ешқандай ешнәрсе жоқ дейді. Дауыл, найзағай секілді табиғат құбылыстары мен тау, теңіз сынды табиғат жыныстарын және дүниеден өткен кісілердің рухын құдіретті демейді. Сондай-ақ, бұл бәйіттің мағынасы Құранның «Ықылас» сүресі 4-аятындағы «Әрі Оған ешкім тең емес» (Құран, 1991: 604) деген оймен астасып жатыр.



8-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).

aya bir birikmez saña bir adın


қamuғ ашnуда sen sen öñdün kidin (Arat, 1979a: 18).

Мұндағы, аya – «әй» деген мағынадағы қаратпа сөз; bir – Алланың аты, бірлігін білдіреді; birikmez – бірікпес; saña – саған; bir adın – бір басқа. Келесі қатардағы, қamuғ – барша; ашnуда – бұрын, әуел; sen – сен; sen öñdün – сен ежелгі, бұрынғы; kidin – кейін. Сонда, қазақша мынадай мағынаны береді:

Әй, Бір, саған басқа бірі біріге алмас. Бәрінен бұрын – Сен, әуелгі де, кейінгі де – сенсің. Мұны, ғалым С. Екер: «Әй, Бір (Тәңір) ортақ қосылмас саған», – деп түсіндіреді (Eker, 2006: 111). Бәйітте Аллаға ортақ қоспауды меңзейтіні рас. Дегенмен Алланың бір екенін, оған басқа нәрсенің бірікпейтінін, біріге алмайтынын айтады. Мұнда Жүсіп өзі өмір сүрген уақытқа дейін қалыптасқан тасаууфтағы «вахдат ул вужуд» (Demirli, 2012: 431-435), яғни Жаратушының болмысына бірігу ұғымын қабылдамайтынын айтады. Сондықтан тіршіліктің бастауы да, соңы да – Алла екенін, оның мәңгі әрі бір екенін жырға қосады. Жүсіпте мұндай пікірдің қалыптасуына Құранның Хадид сүресі 3-аятының әсері екені даусыз. Онда: «Ол Алла (Т.) әуелгі әрі соңғы (әр нәрседен бұрын ежелден бар бар әрі мәңгі қалады, соңы жоқ). Және Ол (әр түрлі дәлелдермен) көрнеу әрі (ақыл жетпейтін) көмес. Сондай-ақ Ол әр нәрсені толық білуші» (Құран, 1991: 537) делінген. Алланы «Бір» деп сипаттауы «Құтадғу білікте» жиі кездесіп отырады. Солардың бірі ретінде 3050-бәйітті айтуға болады. Шығарма кейіпкері Өгдүлміш пен Күнтудының арасындағы сұхбатта былай дейді:

sözin kesti ögdülmiş öbti yirig
iligke duğa kıldı ögdi birig (Arat, 1979a: 19).

Мұны жолма-жол қазақша: «Өгдүлміш сөзін бітірді, жерді сүйді. Елігке дұға қылды, Бірді мадақтады» деп аударуға болады. Демек, Жүсіп шайыр кейіпкердің Алланы мадақтағанын осылай береді. Келесі бәйітте айтылған пікір де діни танымын айқындайды.



22-бәйіт


(Yusuf, 2015: 8).

yaşıl kök bezediñ tümen yulduzun
qara tün yaruttuñ yaruq kündüzün (Arat, 1979a: 19).

Мұндағы, yaşıl – көк; kök – көк жүзі, аспан; bezediñ – безендірдің; tümen – мың; yulduzun – жұлдызын; qara tün – қара түн; yaruttuñ – жарқыраттың; yaruq – жарық; kündüzün – күндізін. Мұны қазақшасы былай:

Көк аспанды безендірдің мыңдаған жұлдызбен. Қара түнді жарқыраттың жарық күндізбен.

Бәйітте, мыңдаған жұлдызбен көк жүзіне сән бердің және қараңғы түнді жарық күнмен жарқыраттың деп Алланы дәріптейді. Бұл да құранның Сафват сүресі 6-аятындағы «Рас дүние көгін жұлдыздармен безедік» (Құран, 1991: 446) деген ұғыммен астасып жатыр. Жүсіптің ойынша, он сегіз мың ғаламды, жанды-жансыз бүкіл мақұлықты жаратып, барлығына ризық-несібе беруші де – Алла.



23-бәйіт


(Yusuf, 2015: 8).

uçuğlı yoriğlı tınığlı neçe
tirilgü seniñdin bulup bir içe (Arat, 1979a: 19).

Мұндағы, uçuğlı – ұшқан; yoriğlı – жортқан, жүрген; tınığlı – тыныс алған; neçe – неше; tirilgü – өмір сүреді; seniñdin – сенен; bulup – тауып; bir емес, уег болуы керек, жазуда қате кеткен секілді, бұл жерде жейді деген мағына болуы керек. Өйткені, келесі сөз іче – ішеді деп келеді. Сонда қазақша жолма-жол аудармасы былай болады.

*Ұшқан, жүрген, тыныс алған қаншама
өмір сүреді сенен тауып жеп, ішетінін.*

Сонда, Жүсіп жер бетіндегі ұшқан, жүтірген, тыныс алған бүкіл тіршілік иесінің ризығын Алла береді деп сенеді. Күллі жаратылыстың Аллаға мұқтаж екенін түсінген шайыр Алланы дәріптеп, құдіретін жырға қосумен қатар, оған жалбарынып мінәжат етеді.



28-бәйіт


(Yusuf, 2015: 8).

ay muñsuz idim sen bu muñluğ қлуғ
suуurқар кеçürgil yazuқın қamuғ (Arat, 1979a: 19).

Мұндағы, ау – әй, қаратпа сөз; muңsuz idim – мұңсыз Ием; sen bu muңluğ қuluğ – сен бұл мұлық (мұқтаж) құлыңды; suуurқар – жарылқап, есіркеп; keçürgil yazuқın қamuğ – барлық күнәсін кешіргін. Сонда қазақша жолма-жол аудармасы төміндегідей:

Әй, мұңсыз Ием, сен бұл мұқтаж құлыңды жарылқап, барлық күнәсін кешіргін.

Қазіргі қазақ тіліндегі күнә сөзінің көне түркіше баламасы – иазық (yazuқ), жазық. Бұл Бұқар жыраудың «Он бір тілек» толғауында «Бірінші тілек тілеңіз, Бір Аллаға жазбасқа» (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 82) дегенде де кездеседі. Яғни, жырда Алланың алдында жазықты, күнәлі болып қалмауды тіле делінген. Иазық, жазық сөзінің көне дәуірден бері келе жатқанын ескерсек, түрік тектес халықтарда күнә туралы ұғым исламға дейінгі кезеңдерде де болғаны аңғарылады. Сол себепті, Жүсіп барынша Аллаға жалбарынады.



29-бәйіт

(Yusuf, 2015: 8).


saңar oқ siğindim umınçım saңa

muңadmiş yirimde elig tut maңa (Arat, 1979a: 19).

Мұндағы, saңar – саған; ok – ғана; siğindim – сиындым; umınçım – үмітім; saңa – саған; muңadmiş – мұңайған; yirimde – жерімде; elig tut – қолымнан тұт, ұста ауыспалы мағынада қолданылған, жәрдем бер дегенді білдіреді. maңa – маған деген мағынаны білдіреді. Сонда, бұл бәйітті төмендегідей жолма-жол тәржімалауға болады.

Саған ғана сиындым, үмітім сенде. Мұңайған жерімде маған жәрдем бер.

Жүсіп Аллаға ғана сыйынады. Мұндағы, сиыну көне түркіше сөз. Бұдан, исламға дейін де түрік халықтарында сиыну туралы ұғым мен түсініктің болғаны да байқалады. Сол себепті, халыққа таныс ұғым, таныс сөзді қолданып, Алладан өзгеге сыйынбайтынын білдіреді. Одан кейін бар үміт, тілегін Алладан ғана сұрайды, мұңайып қиналғанда жәрдем күтеді. Тілеуінің қабыл болғанына шүкіршілік етеді. Жаратушының құдіретін дәріптеп, көркем есім-сипаттарын дәнекер етіп, дұға қылады, мадақ айтады. Күнәсіне кешірім тілеп, жыр жазуға жәрдем сұрайды. Бүкіл сырын Аллаға айтып, өміріне қажеттінің бәрін тек Одан сұрайды. Сондықтан, тілек тілеуінде де ерекшелік бар.



30-бәйіт

(Yusuf, 2015: 9).

sevüg savçı birle қорurğil mini

elig tuttaçı қıl көnilik күni (Arat, 1979a: 20).

Мұндағы, sevüg – сүйікті; savçı – елші, пайғамбар; birle – бірге; қорurğil – қалдырғын, бұл жерде қиямет күні бірге тірілтілген; mini – мені; elig tuttaçı – қол ұстаушы, бұл жерде шапағатшы деген мағына береді; қыл – қыл; көnilik күni – туралық, әділдік яғни қиямет күні. Сонда мұны төмендегідей қазақшалауға болады:

Сүйікті пайғамбармен бірге қыл мені.

Шапағатшы қыл қиямет күні.

Жүсіп бұл бәйітте, арабша расул мен нәби немесе парсыша пайғамбар емес, көне түркіше савшы (savçı) деп қолданады. Қашқари сөздігінде: «савшы – елші, Ұлы Алланың елшісі» (Қашқари, 2017a: 539) деп берілген. Бұдан бөлек «Құтадғу біліктің» пайғамбар

туралы бөлімінде савшы сөзімен мағыналас «иалабаш» сөзі де қолданылады. Ол Қашқари сөздігінде: «Тәңрі елші жіберді» (Қашқари, 2017а: 529) деп кездеседі. Сонымен қатар, бұл бәйітте қиямет күні – көңилік күні (könilik küni) яғни, әділдік күні деп, көне түркіше сөздермен беріледі. Жүсіп қиямет күні пайғамбармен бірге қылуын және оның шапағатшы болуын Алладан тілейді. Ал, келесі бәйітте сахаба туралы сөз қозғайды.



31-бәйіт

(Yusuf, 2015: 9).

tüzü tört işiçe tümen miñ selam

tegürgil kesüksüz tutaşı ulam (Arat, 1979a: 20).

Мұндағы, tüzü – барлық; tört – төрт; işiçe – досына; tümen miñ – мыңдаған; selam – сәлем; tegürgil – жеткізгін; kesüksüz – үздіксіз; tutaşı – әрдайым; ulam – құрмет. Бәйітте арабша сахаба емес, дос (iş) деп қолданады.

Барлық төрт досыңа мыңдаған сәлем.

Жеткізгін үздіксіз, әрдайым құрмет.

Автор тілек тілеу барысында төрт сахабаға сәлем жолдайды. Бұл да ислам дінінің қағидаларының бірі екені белгілі. Тарихшы ғалым С.Сыздықов Қарахандар мемлекетінде исламмен қатар буддизм, манихейлік және христиандық нанымның да болғанын жазады (Сыздықов, 2014: 205). Алайда Жүсіп ислам дінін ұстанады. Сол себепті Алланы танып, оның елшісін мойындайды және сахабаларды құрмет тұтады. Жалпы, көркем шығармада дінді жырлау – Қарахан дәуірі тұсында кең жайылған. Мұны зерттеуші Г.Құрманғали: «Түркі шайырлары араб тіліндегі Құранда жазылған насихат, қанатты сөздерді қарапайым көпшілікке түсінікті тілде көркем, әрі бейнелі сөздермен жеткізуді мақсат етті және сол мақсатына жетті» (Құрманғали, 2020: 41) деп түсіндіреді. Жүсіп те өзінің діни көзқарасын жырларына арқау етіп, Алланы дәріптейді және оны мінәжат үлгісінде жеткізеді. Бұл ретте дін мәселесіне келгенде исламды түркілік таныммен ұштастыру ХХ ғасыр басында «Алаш» тұсында да көрініс тапқанын айта кеткен жөн. Алаш қайраткері Халел Досмұхамбетұлының Қарахан дәуірінен жеткен ескерткіш Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегін қазақшаға аударуы дәстүр сабақтастығын көрсетеді. Бұл жеке зерттеуді қажет ететін тақырып.

Қорытынды

Мақалада Қарахандар тұсында хатқа түскен көркем шығармалардың бірі «Құтадғу біліктегі» Жүсіптің діни көзқарасы сараланды. Зерттеу нысаны ретінде аталмыш еңбектің алғашқы бабы таңдап алынып, одан 28 жол өлең мысал ретінде келтірілді. Ол мәтіннің Ферғана нұсқасы бойынша факсимилесі мен Р.Р. Арат жасаған латын графикасындағы транскрипциясы қатар берілді. Сонымен қатар, онда кездесетін діни терминдер талданып, сандық тәсіл бойынша жалпы шығармадағы қолдану жиілігі көрсетілді.

Қарахан мемлекеті тұсында түркі халықтары ислам дінін жаппай қабылдай бастағаны көрсетіле келе, сол дәуірдегі діни көзқарас зерделенді. Жүсіп шайырдың тілдік қолданысында діни терминдердің арабша мен парсышасына қарағанда көне

түркі тіліндегі баламасы көбірек кездесетіні анықталды. Діни термин ретінде «Алла» сөзінің қолданбауының екі себебі болуы мүмкін. Бірі, Қарахан мемлекетінде өмір сүрген халықтың тілдік қолданысында «Алла» сөзі болмаған. Екіншісі, оны қолданбауда Жүсіптің өзіндік ұстанымы болған. Алайда бұл оның ислам дініне деген қарсылығы емес, қайта түркі болмыс пен исламды ұштастырғаны. Өйткені Жүсіптің Жаратушы туралы көзқарасы Құран аяттарымен астасып жатады. Алланы өлеңмен жан-жақты сипаттап, көне түркі тілінде замандастарына таныстырады. Оның ұлылығын дәріптеп, жырға қосады және жалбарынып, дұға тілейді. Бұл жерде автордың ислам дінін сенім ретінде қабылдағанымен, араб пен парсының тілі мен мәдениетін құп көрмегені байқалады.

Сонымен қатар, авторлар Мұхаммед пайғамбарды және оның сенімді досы болған төрт сахаба: Әбубәкір, Омар, Осман және Әлиді де жырына арқау етеді. Оларды қадірлейтінін аңғартады. Бұл оның исламның шииттік емес, сүнниттік бағытын ұстанғанының көрінісі. Сондықтан, ол ислам дінін қалай таныса, соны өлең жолдары арқылы жеткізеді. Әуелі Алланы дәріптей келе, оған жалбарынып, тілек тілейді. Яғни, ойын мінәжат үлгісінде жеткізеді. Бұл өз кезегінде орта ғасыр әдебиетінде мінәжат жырларының дамуына үлес қосты.

Әдебиет

Бес ғасыр жырлайды. 1989. 2 томдық. Т. 1. құраст.: М. Мағауин, М. Байділдаев. Алматы: Жазушы. 384 б.

Канашаева Г. 2020. Қарахан дәуірі жазба ескерткіштері: Жаратушы сипаты. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. 1 (Т.92). 46-53 бб.

Қашқари М. 2017а. Түрік сөздігі. 3 томдық. Т. 3. Көне түркі тіл. ауд. А. Егеубай. Алматы: Арда + 7. 600 б.

Қашқари М. 2017б. Түрік сөздігі. 3 томдық. Т. 1. Көне түркі тіл. ауд. А. Егеубай. Алматы: Арда + 7. 592 б.

Құран Кәрім. 1991. Қазақша мағынасы және түсінігі / Араб тіл. ауд. Халифа Алтай. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты. 604 б.

Құрманғали Г. 2020. Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 3 (Т.132). 36-43 б.

Моллақанағатұлы С. 2020. Қарахан мемлекеті тұсындағы алғашқы Құран аудармасы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. 2 (Т.127). 177-184 б.

Сартқожаұлы Қ. 2019. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. 2 томдық. Т. 1. Алматы: Samga Press. 509 б.

Сыздықов С. 2014. Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. Астана: Фолиант. 320 б.

Arat R.R. 1979a. Kutadgu Bilig: Metin. 1. Cilt. Ankara: Türk Dil Kurumu. 656 s.

Arat R.R. 1979b. Kutadgu Bilig: İndeks. 3. Cilt. Ankara: Türk Dil Kurumu. 565 s.

Arsal S.M. 1947. Türk Tarihi ve Hukuk. İstanbul: İsmail Akgün. 416 s.

Dankoff R. 1983. Yusuf Khass Hajib. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig) – A Turko-Islamic Mirror for Princes. Translated, with an Introduction and Notes by Robert Dankoff. The University of Chicago Press. Chicago and London. P. 282.

Demirli E. 2012. Vahdet-i Vücûd. İslam ansiklopedisi. 42.Cilt. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları. 590 p.

- Dilaçar A. 1988. Kutadgu Bilig İncelemesi. 2. Baskı. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 209 s.
- Eker S. 2006. Kutadgu Bilig'de (teñri 'azze ve celle ögdisin ayur) Türkçe İslami Terimlerin Kaynakları Üzerine. Bilig. 38. 103-122 s.
- Ercilasun A.B. 2016. Başlangıçtan yirminci yüzyıla Türk Dili Tarihi. 17. Baskı. Ankara: Akçağ. 486 s.
- İnan A. 1998. Makaleler ve İncelemeler. 2. Cilt. 2.Baskı. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 418 s.
- Kasapoğlu Ç.H. 2016. Türk kültür tarihi ve Kutadgu bilig // «Жүсіп Баласағұн шығармашылығының түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі» халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары (13 сәуір 2016 ж.). Алматы: Қазақ университеті. 7-10 бб.
- Kafesoğlu İ. 1983. Türk Millî Kültürü. İstanbul: Boğaziçi yayınları. 447 s.
- Yusuf Has Hacib. 2015 Kutadgu Bilig. Fergana nüshası. Ankara: Türk Dil Kurumu. 223 s.

Reference

- Bes gasir zhirlaydi [Five centuries sing]. 1989. Ed. Magauin M. & Baydildayev M. Almaty: Zhazushy. Vol. 1. 384 p. [in Kazakh].
- Kanashaeva G. 2020. Karahan dauiri zhazba eskertkishteri: Zharatushy sipaty [The Written Works of Qarakhanid Period: Description of God]. KazNU Journal of Oriental Studies. Vol. 92, No.1. P. 46-53.
- Kashkari M., 2017a. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. Vols 1-3; Vol. 3. Translated by A.Egeubay. Almaty: Arda + 7. 600 p.[in Kazakh].
- Kashkari M., 2017b. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. Vols 1-3; Vol. 1. Translated by A.Egeubay. Almaty: Arda + 7. 592 p. [in Kazakh].
- Kuran Karim: Kazaksha maginası zhane tusinigi [The Holy Quran: Kazakh meaning and concept]. 1991. Translated by H. Altay. Medine: Quran Sharif Dominant Plant. 604 p. [in Kazakh].
- Kurmangali G. 2020. Kurannin orta gasyrlyk adebi zhadigerlerge ikpaly [The influence of the Koran on medieval literary artifacts]. Bulletin of LN Gumilyov ENU. Philology series. 3(132), P. 36-43. [in Kazakh].
- Mollakanagatuly S., 2020. Karahan memleketi tusundagy algashky Kuran audarmasy [The first translation of the Koran during the reign of the Karakhanids]. Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Political sciences. Regional studies. Oriental studies. Turkology series. 2(127). P. 177-184. [in Kazakh].
- Sartkozhauly K., 2019. Orhon eskertkishterinin tolyk atlası [Complete atlas of Orkhon monuments]. Vols 1-2; Vol. 1. Almaty: Samga Press. 509 p. [in Kazakh].
- Syzdykov S., 2014. Karkuk – Karahan memleketi: sayasi tarihi zhane madeni muralary [Karlyk - Karakhan state: political history and cultural heritage]. Astana: Foliant. 320 p. [in Kazakh].
- Arat R.R., 1979a. Kutadgu Bilig: Metin [Kutadgu Bilig: Text]. Vols 1-3; V. 1. Ankara: Türk Dil Kurumu. 656 p. [in Turkish].
- Arat R.R. 1979b. Kutadgu Bilig: İndeks [Kutadgu Bilig: index]. Vols 1-3; V. 3. Ankara: Türk Dil Kurumu. 565 p. [in Turkish].
- Arsal S.M., 1947. Türk Tarihi ve Hukuk [Turkish History and Law]. İstanbul: İsmail Akgün. 416 p. [in Turkish].
- Dankoff R., 1983. Yusuf Khass Hajib. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig) – A Turko-Islamic Mirror for Princes. Translated, with an Introduction and Notes by Robert Dankoff. The University of Chicago Press. Chicago and London. P. 282.
- Demirli E., 2012. Vahdet-i Vujud. Islamic encyclopedia. V. 42. İstanbul: Turkish Religious Foundation Publications. 590 p. [in Turkish].

Dilacar A., 1988. Kutadgu Bilig İncelemesi [Kutadgu Bilig Review]. 2nd ed. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 209 p. [in Turkish].

Eker S., 2006. On the Sources of Turkish Islamic Terms in Kutadgu Bilig (teñri ‘azze ve celle ögdisin ayur). Bilig. 38. P. 103-122. [in Turkish].

Ercilasun A.B., 2016. Başlangıçtan yirminci yüzyıla Türk Dili Tarihi [History of Turkish Language from the Beginning to the Twentieth Century]. 17.ed. Ankara: Akçağ. 486 p. [in Turkish].

İnan A., 1998. Makaleler ve İncelemeler [Articles and Reviews]. Vols 1-2; V. 2. 2nd ed. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 418 p. [in Turkish].

Kasapoglu C.H., 2016. Türk kültür tarihi ve Kutadgu bilig [Turkish cultural history and Kutadgu bilig]. The contribution of the works of Yusup Balasagun to the culture of the Turkic world: halikaralik gilimi-teoryalik konferensyanin materyaldari (13 sauir 2016 zhil) – Proceedings of the international scientific-theoretical conference. (pp.7-10). Almaty: Kazak Universiteti. P. 7-10. [in Turkish].

Kafesoğlu İ., 1983. Türk Millî Kültürü [Turkish National Culture]. İstanbul: Boğaziçi yayımları. 447 p. [in Turkish].

Yusuf H., 2015. Kutadgu Bilig: Fergana nüshası [Kutadgu Bilig: Fergana copy]. Ankara: Türk Dil Kurumu. 223 p. [in Turkish].

***B. Nuriman**

*University of Ankara Haci Bayram Veli, Ankara, Turkiye
(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com)*

**Corresponding author: bekarysnuriman@gmail.com*

S. Eker

*University of Bashkent, Ankara, Turkiye
(E-mail: ekers@baskent.edu.tr)*

The glorification of the Creator in Yusuf Balasagun’s «Kutadgu bilig»

Abstract. The accepting of Islam by the Turkic peoples in the era of the Karakhanids was widely reflected in literary monuments. One of these monuments, which highlights some issues of Islam, is Yusuf Balasugin’s Kutadgu Bilik. Since then, the religious theme in literature, its connection with literary processes in the literary criticism of the Turkic peoples has been relevant and in demand, which is confirmed by the studies of such scientists as R.R. Arat, S.M. Arsal, I. Kafesoğlu, A. Inan, A. Dilashar, A.B. Yerzhilasun, R. Dankoff, N. Kelimbetov, A. Kyraubaeva, A. Egeubaev, S. Eker, H. Kasapoglu, G. Kurmangalieva, G. Kanasheva. This article examines the image of the Creator-God in Yusuf Balasaguni’s “Kutadgu Bilik”. As an object of study, the authors use a facsimile of the Fergana version of the monument in a transcription performed by R.R. Arat. In the process of research 33 bytes were studied, fourteen of which are given as illustrations. The meanings of religious words are revealed on the basis of various points of view and compared with the texts of the Koran. To determine the frequency of use of religious terms in the article, the method of quantitative analysis was used. As a result of the analysis, the authors come to the conclusion that Yu. Balasagun, instead of Arabic or Persian words, prefers to use the equivalents of ancient Turkic religious terms. The results obtained reveal the depth of religious knowledge and poetic mastery of Y. Balasagun.

Keywords: “Kutadgu bilig”, Yusuf Balasagun, literary process, religion, Creator, religious thought.

***Б. Нуриман**

Университет Анкара Хаджы Байрам Вели, Анкара, Турция
(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com)

*Автор для корреспонденции: bekarysnuriman@gmail.com

С. Екер

Университет Башкент, Анкара, Турция
(E-mail: ekers@baskent.edu.tr)

Прославление Творца в «Кутадгу билиг» Юсуфа Баласагуна

Аннотация. Принятие ислама тюркскими народами в эпоху караханидов нашло широкое отражение в литературных памятниках. Одним из таких памятников, в котором освещаются некоторые вопросы ислама, является «Кутадгу билик» Юсуфа Баласагуна. С тех пор религиозная тема в литературе, связь ее с литературными процессами в литературоведении тюркских народов актуальна и востребована, что подтверждается исследованиями таких ученых, как Р.Р. Арат, С.М. Арсал, И. Кафесоглу, А. Инан, А. Ділашар, А.Б. Ержиласун, Р. Данкофф, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев, С. Екер, Х. Касапоглу, Г. Құрманғалиева, Г. Канашаева.

В данной статье исследуется образ Творца-Всевышнего в «Кутадгу билик» Юсуфа Баласагуна. В качестве объекта исследования авторы используют факсимиле Ферганской версии памятника в транскрипции, выполненной Р.Р. Аратом.

В процессе исследования было изучено 33 бейта, четырнадцать из которых приведены в качестве иллюстраций. Значения религиозных слов выявляются на основе различных точек зрения и сопоставляются с текстами Корана. Для определения частоты использования религиозных терминов в статье использован метод количественного анализа. В результате проведенного анализа авторы приходят к выводу, что Ю. Баласагун, вместо арабских или персидских слов, предпочитает использовать эквиваленты древнетюркских религиозных терминов. Полученные результаты раскрывают глубину религиозных познаний и поэтическое мастерство Ю. Баласагуна.

Ключевые слова: «Кутадгу билиг», Юсуф Баласагун, литературный процесс, религия, Творец, религиозная мысль.

Авторлар туралы мәлімет:

Нұриман Бекарыс Тілегенұлы, PhD, Түрік фольклоры кафедрасы, Әдебиет факультеті, Анкара Хажы Байрам Вели университеті, Эмниет махаллесі, 1-Абант даңғылы, №10, Анкара, Түркия.

ORCID: 0000-0002-6721-4295

Scopus ID: 57201635894.

Екер Суер, PhD, профессор, Түрік тілі мен әдебиеті кафедрасы, Әдебиет факультеті, Башкент университеті, Бағлыжа кампусы, Фатих Сұлтан махаллесі, Ескишехир иолу 18-км., Анкара, Түркия.

Scopus ID: 26631799200.

Information about authors:

Nuriman Bekarys Tilegenuly, Doctor of Philosophy (PhD), Faculty of Letters Department of Turkish Folklore, Ankara Hacı Bayram Veli University, Emniyet District, 1 Abant Avenue, No.10., Ankara, Turkiye.

ORCID: 0000-0002-6721-4295

Scopus ID: 57201635894.

Eker Suer, Doctor of Philosophy (PhD), Faculty of Letters Department of Turkish Language and Literature, Baskent University, Baglica Campus, Fatih Sultan District, Eskişehir Road 18.km, Ankara, Turkiye.

Scopus ID: 26631799200.

Сведения об авторах:

Нуримаң Бекарыс Тилегенулы, PhD, кафедра турецкого фольклора, факультет литературы, Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Район Эмниет, проспект Абант-1, №10, Анкара, Турция.

ORCID: 0000-0002-6721-4295

Scopus ID: 57201635894.

Екер Суер, PhD, кафедра турецкого языка и литературы, факультет литературы, Университет Башкент, Район Фатих Султан Ескишехир иолу 18.км, Анкара, Турция.

Scopus ID: 26631799200.